

**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі  
мәжілісінің  
ХАТТАМА №2**

**Өткізілген күні:** 27.09.2023 жыл

**Қатысқандар:** 21 адам

**Күн тәртібі:**

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау барысы туралы**

**Тыңдалды:**

Бүгінгі күннің мәселесімен жиналыс төрағасы, кәсіпорын басшысы Б.Стамкулов таныстырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамада көрсетілген кемшіліктерді жою бойынша орындалып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Лауазымдарды қоса атқару, қызмет көрсету аймағының кеңеюі және уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін жүктеуді Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 111-бабына сәйкес жүргізуді және маман сертификатының мерзімі аяқталуына байланысты жұмыстан шеттетуді Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 111-бабының 1-тармағына, 101- бабының 8-тармағына, 116-бабының 1-тармағына сәйкес және кезекті ақылы еңбек демалысына жіберу және одан қайта шақыртуды рәсімдеуді еңбек заңнамасына сәйкес жүргізуді кадр бөлімінің басшысы м.а. А.Танирбергенге қадағалауға және түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Сондай-ақ, кезекті ақылы еңбек демалысына жіберу және одан кері шақыртуды 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығына және ҚР Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жүргізуді бақылауға алуды тапсырды.

Аталған кемшіліктер алдағы уақытта да түзетілмей, қайталанатын жағдайда қатаң сөгіс берілетіндігін жеткізді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында анықталған кемшіліктерді жою керектігі жеткізіліп, «Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 1-тармағы 41-бабына сәйкес жүргізілуін қадағалауды бас есепші м.а. А.Қалманға тапсырылды.

Жиын соңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты сұрақтар төңірегінде талқылау жүргізілді, сұрақтар қойылды, ұсыныстар жасалды.

**Қаулы:**

1. Құжаттама жүргізу қағидалары мен тәртібі бойынша кәсіпорынның кадр бөлімінен шығатын бұйрықтары заң талаптарына сәйкес рәсімделсін, түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. Жауапты кадр бөлімінің басшысы м.а. А.Танирбергенге жүктелсін.
2. Кәсіпорындағы сатып алуды ұйымдастыру барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 1-тармағы 41-бабына сәйкес жүргізілуіне жауапты маман А.Ақтаева болып бекітілсін. Түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. Қадағалау бас есепші м.а. А.Қалманға жүктелсін.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және түсіндірме жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуын қадағалау басшының медициналық қызметтің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары м.а. Н.Қарабаевқа жүктелсін.
4. Тауарларды және қызметтерді сатып алу рәсімдері заң шеңберінде, тиісті мерзімде өткізу қамтамасыз етілсін.

Жиналыс төрағасы:



Б.Стамкулов

Хатшы:



Л.Абубакирова